

7 – дәріс.

Телесұхбаттағы сұрақ қою қисындары

Телетуындыларды қабылдап, я қабылдамай, оған ерекше құлшыныспен назар аударатын, немесе керісінше, қарсы пікір білдіретін әділқазылар алқасы – телеаудитория екенін ескерсек, телеаудиториямен қарым – қатынас психологиясын менгерудің қаншалықты маңызды екенін түсіну қиын емес. Ал қазіргідей аудитория үшін бәсеке заманында оған айрықша назар аудару – заман талабы. Демек, эфирдегі журналист өзін қалт жібермей қадағалап, көгілдір экранға көз тігіп отырған көрермендердің жүрегін жаулап, көңілін баурап алу – кәсіби шеберліктің бір қыры. Сондықтан да, телеаудиториямен қарым – қатынас психологиясы мынадай бағыттарда қарастырылады: 1. Көрермен назарын аударудың психологиялық амалдары. 2. Аудитория талғамына сай талап – тілектердің орындалуын қамтамасыз ету қисындары. 3. Көрермен назарына нұқсан келтіретін экрандық құбылыстарға тиым салу шараларын жүзеге асыру тәсілдері.

